

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің арасындағы шекаралар арқылы заңсыз өткізілетін мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 28 маусым N 965

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 2 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің арасындағы шекаралар арқылы заңсыз өткізілетін мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің арасындағы шекаралар арқылы заңсыз өткізілетін мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы
Келісім

Бұдан әрі Шарттасушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі,

1970 жылғы мәдени құндылықтарға меншік құқығын заңсыз әкелу, әкету

және беруге тыйым салуға және ескертуге бағытталған шаралары туралы ЮНЕСКО Конвенциясының ережелерін ескере отырып,

мәдени құндылықтардың әкелінуі, әкетілуі және транзиті оны қорғауға кеден және мемлекеттің басқа да компетентті органдары міндетті халықтың мәдени байлығына нұқсан келтіретінін атай отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шарттасушы Тараптар Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекаралары арқылы мәдени құндылықтардың заңсыз тасымалдануымен күресті күшейтуге ұмтылады.

2-бап

Мәдени құндылықтар Қазақстан Республикасының және Армения Республикасының ұлттық заңдарында қарастырылған жағдайларда осы мемлекеттерден әкетуге рұқсаттар бойынша әкетіле алады.

3-бап

Мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсатты әкету жүзеге асырылатын аумақ мемлекетінің уәкілетті органдары береді. Мәдени құндылықтарды тасымалдау әкетуге рұқсат болған кездерде жүзеге асырылады.

Шарттасушы Тараптар рұқсаттар бланкілері үлгілерінің қажетті санымен және олар расталатын мөрлердің бедерлерімен алмасады.

4-бап

Мәдени құндылықтарды тасымалдаушы жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалардың өкілдері өздерінде осындай құндылықтардың барлығы туралы хабарлауы және кедендік бақылау үшін әкетуге рұқсаттармен бірге көрсетуге

тиіс.

Мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсаттар болмаған кездерде олар тоқтатылады және олар туралы осы құндылықтар мемлекет аумағынан әкетілген Шарттасушы Тараптың біріне кешіктірілмей хабарланады. Осындай жағдайларда мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсаттар көрсету үшін екі айдан аспайтын мерзім белгіленеді.

5-бап

Тараптар:

- әкетуге рұқсаттарымен алып жүрілмеген, ұсталған мәдени құндылықтарды әкетілген мемлекетке қайтаруды;

- мәдени құндылықтарды заңсыз тасымалдау үшін ұсталған тұлғаларды жауапқа тартқан жағдайларда, осы құндылықтарды әкетілген мемлекетке қайтару көрсетілген тұлғалардың жауаптылығы туралы шешім заңды күшіне енгеннен кейін жүргізуді;

- қайтарылатын мәдени құндылықтарды тапсыру мен қабылдау үшін өздерінің уәкілетті өкілдерін тағайындауды;

- Шарттасушы Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес әкетуге рұқсаттар бойынша әкетілуі мүмкін, сондай-ақ әкетуге тыйым салынған мәдени құндылықтар туралы ақпаратпен өзара, алмасуды қамтамасыз етуге келісті.

6-бап

1. Шарттасушы Тараптардың кеден органдары ұстаған мәдени құндылықтар осы Келісімнің 5-бабының 3-тармағына сәйкес тікелей осыған уәкілетті өкілдеріне қайтарылады және мәдени құндылықтарды қайтаруға байланысты барлық кінәраттарды аумағынан әкету жүзеге асырылған мемлекет қарастырады.

7-бап

1. Шарттасушы Тараптар осы Келісімді қайтарусыз қолдану жөнінде бір-біріне өзара көмек көрсетеді, мамандардың сапарларымен (Егер Шарттасушы Тараптардың бірі қажет санаса), ұсталған мәдени құндылықтарды сақтау, тасымалдау немесе әкелген мемлекеттен немесе әкетілген мемлекетке транзиттегілерді қайтаруға байланысты шығындарды өтеуден басқа.

2. Осы Келісімге сәйкес қайтарылатын мәдени құндылықтарға кедендік немесе

басқа төлемдер салынбайды.

8-бап

Шарттасушы Тараптар ынтымақтастық мәселелері жөнінде тұрақты түрде кеңеседі және осы Келісімді орындау шеңберінде тәжірибе алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Осы Келісімді пайымдауға және орындауға байланысты барлық даулы мәселелер Шарттасушы Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі. Шарттасушы Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгертулер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және Келісімнің 12-бабында белгіленген тәртіпте күшіне енеді.

Шарттасушы Тараптардың арасындағы хат жазысу орыс тілінде жүргізіледі.

10-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін екі ай барысында Шарттасушы Тараптар олардың мемлекеттерінде мәдени құндылықтарды әкелудің тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерімен алмасады және келешекте осы нормативтік құқықтық актілердегі барлық өзгертулер туралы жүйелі түрде хабарлап тұрады.

11-бап

Осы Келісімнің ережелері Шарттасушы Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған міндеттемелерін қозғамайды.

12-бап

Осы Келісім Шарттасушы Тараптардың бір-біріне дипломатиялық каналдар бойынша Келісімнің күшіне енуін қамтамасыз ететін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлағаннан кейін күшіне енеді және бұдан кейінгі бес жыл бойы қолданылады, одан кейін, егер Шарттасушы Тараптардың бірде бірі тиісті мерзімге алты ай қалғанда оның қолданылуын тоқтату

туралы өзінің ниетін жазбаша нысанда мәлімдемесе, ол автоматты түрде келесі бес жылға ұзартылады.

1999 жылы " ____ " _____ қаласында қазақ, армян және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі бұл ретте барлық үш мәтін бірдей болып табылады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру қажет болған кездерде орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
атынан

Армения Республикасы
Мемлекеттік кіріс
Министрлігінің атынан

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.
Орынбекова Д.Қ.